

KAZENERGY INSIDE

01 ҚАҢТАР- АҚПАН 2016

ШЫҒАРЫЛЫМДА:

- ХЭФ Атқару кеңесінің Арнайы мәжілісі, Лондон
- KAZENERGY – Астана ЭКСПО-2017 Ғылыми-техникалық кеңестің мәжілісі
- IEA-IEF-OPEC VI Симпозиумы, Эр-Рияд
- Қауымдастықтағы кадрлық тағайындаулар
- "Офсеттік келісімдер туралы» Заң жобасы жқнінде мәжіліс
- ҚР Еңбек Кодексі 2016



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28-қаңтардағы Премьер-Министр К.Қ.Мәсімовтың қолы қойылған № 37 қаулысымен Мағауов Әсет Маратұлы ҚР Энергетика Вице-министрі болып тағайындалды.



«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қауымдастығының Төрағасы Т.А.Құлыбаевтың бұйрығымен Ақшолоқов Болат Оралұлы 2016 жылғы 1-ақпаннан бастап «KAZENERGY» қауымдастығының бас директоры қызметіне тағайындалды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ФОРУМНЫҢ АТҚАРУ КЕҢЕСІНІҢ АРНАЙЫ МӘЖІЛІСІ, ЛОНДОН



2016 жылғы 29-ақпанда Лондон қ. (Ұлыбритания) Халықаралық энергетикалық форумның (бұдан әрі – ХЭФ) Атқару кеңесінің Арнайы мәжілісі өтті.

Аталмыш шараға Бас директор Б.О.Ақшолоқов бастаған KAZENERGY қауымдастығының делегациясы қатысты.

Мәжілістің күн тәртібіне бірқатар мәсеелер енгізілді және ең алдымен, ХЭФ Бас хатшысын қайта сайлау

жоспарланған болатын. ХЭФ Хатшылығында жүргізілген алдын ала жұмыстарға сәйкес 4 үміткер айқындалды – Sergio Garriba (Серджио Гарриба, Италия), Hasab Qabazard (Хасаб Кабазард, Кувейт), Jain Sunil (Сунил Джейн, Индия), сондай-ақ, Sun Xiansheng (Сун Хианшен, Қытай).

Қазақстан Атқару комитетінің мүшесі дәрежесінде 30 елмен және 2 халықаралық ұйыммен (ОПЕК, ХЭА) бірге сайлауға қатысты. Алайда, дауыс беру кезінде қатысушылардың пікірлері екіге жарылып, ХЭФ жаңа Бас хатшысына үміткер белгіленген жоқ. Қайта сайлау биылғы жылдың 3-маусымына қалдырылды. Мәжіліс барысында биылғы жылдың

27-28 қыркүйегінде Алжир қ. (Алжир) өтетін ХЭФ-қа мүше елдердің 15-ші министрлік кездесуіне даярлық мәселесі де талқыланды. 2013 жылғы қарашадағы ХЭФ Атқару комитетінің мәжілісінде Қазақстан атынан KAZENERGY қауымдастығы мен ҚР Мұнай және газ министрлігі мұнай экспорттаушы ел болғандықтан 15-ші министрлер кездесуінде екінші тең қабылдаушы ел ретінде сайланғаны белгілі. Бірінші тең қабылдаушы ел болып көмірсутекті шикізат импорттайтын ел ретінде Аргентина тағайындалды. Қауымдастық өкілдері Алжирде өтетін алдағы министрлік кездесудің тақырыбын, бағдарламасын, сонымен қатар қатысушылар құрамын қарастыру ісіне қатысты.

KAZENERGY— АСТАНА ЭКСПО-2017: БІРЛЕСКЕН ДАЯРЛЫҚ

2016 ж. 22-ақпанда KAZENERGY қауымдастығы мүшелерінің қатысуымен ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» халықаралық мамандандырылған көрмесіне даярлық жөнінде мәжіліс өтті. Мәжіліске «Астана ЭКСПО-2017» ҰК АҚ Басқармасының Бірінші төрағасы Ө.Х.Пірметов, KAZENERGY қауымдастығының бас директоры Б.О.Ақшолоақов, қауымдастықтың мүше компаниялары қатысты.

«Астана ЭКСПО-2017» ҰК АҚ Басқармасының Бірінші төрағасы Әлішер Пірметов құттықтау сөз сөйлеп, алдағы көрме тақырыбының маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, 2050 жылға қарай әлемдік энергетиканың 50%-дан астамы жаңармалы көздерден қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты, кездесуге қатысып отырған компаниялар «жасыл» энергетиканың жаңа формаларын іздестіруге және алға бастыруға өз үлестерін қоса алады. Экологияға, көмірсутекті шикізатты өндірудің жаңа тәсілдерін енгізуге ұқыпты қараудың да маңызды екені сөзсіз.

Пірметовтың пікірінше, «ЭКСПО-2017» компаниясы өткізілетін шараға көпшіліктің қызығушылығын тудыратын дүниежүзіне әйгілі ірі компаниялардың қатысуына мүдделі.

Осы орайда, 2014 жылы қол қойылған «Астана ЭКСПО-2017» ҰК АҚ және KAZENERGY арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум қауымдастықтың және қауымдастық мүшелері – энергетикалық компаниялардың көрмені даярлауға белсенді қатысуына мол мүмкіндіктер ұсынады.

Қауымдастық мүшелері мен қатысушылары атынан сөз алған Бас директор KAZENERGY Болат Ақшолоақов, 80-нен астам мұнай-газ және энергетика компанияларын біріктіретін қауымдастықтың 10 жыл ішінде энергетика саласындағы көптеген қадамдар мен шешімдердің бастамашысы бола алғанын және жеке бизнес пен мемлекет арасында, сол сияқты корпоративтік деңгейде

әрекеттестік ету механизмдерін қалыптастырғанын атап өтті.

Бүгінгі күні KAZENERGY қауымдастығының мұнай және газ, электр энергетикасы, баламалы және жаңармалы энергия көздері саласындағы ірі халықаралық ұйымдармен және институттармен көпжылдық энергетикалық ынтымақтастық тәжірибесі халықаралық көрмені даярлауда және өткізуде тиімді болуы мүмкін.

«Астана ЭКСПО-2017» ҰК АҚ-мен қол қойылған меморандум шеңберінде ЭКСПО-ға даярлық бойынша бірлескен шаралар кешені жүргізілуде.

Қауымдастық Халықаралық энергетикалық агенттікпен (IEA), Халықаралық жаңармалы энергия көздері агенттігімен (IRENA) меморандумдарға қол қойды, Дүниежүзілік мұнай кеңесімен (WPC) және Халықаралық энергетикалық форуммен (IEF) бірлескен шаралар өткізу туралы келісім жасалды.

Оған қоса, Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық кеңесімен БҰҰ ЕЭК мүше елдерінің энергетика министрлері деңгейінде конференция өткізу және 2017 жылы Астана қ. «Тұрақты даму энергетикасы» Халықаралық Форумын өткізу туралы келісімге қол жеткізу маңызды жетістік болып табылады.

БҰҰ ЕЭК Біріккен Ұлттар Ұйымының бес өңірлік комиссиясының бірі және Тұрақты энергетика комитеті шеңберінде тұрақты энергетиканы алға бастыру мәселесімен тұрақты негізде айналысатын жалғыз комиссиясы болып табылатыны белгілі. Комитет алғаш рет өткізгелі отырған Министрлік конференция пікірталастар деңгейін көтереді, сонымен қатар мыңжылдық даму мақсатына «Болашақ энергиясы» көрмесінің қосатын үлесін арттырады.

«Астана ЭКСПО-2017» ҰК АҚ-мен жүргізілген келіссөздер барысында ЭКСПО көрмесі шеңберінде Еуразиялық KAZENERGY форумын өткізу туралы келісімге қол жеткізілгені қауантарлық іс болғанын Болат Ақшолоақов атап өтті.

Толығырақ: <http://kazenergy.com/kz/press/2011-04-18-15-52-18/14063-2016-02-23-10-44-24.html>

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ МӘЖІЛІСІ



KAZENERGY қауымдастығы Ғылыми-техникалық кеңестің бірінші мәжілісін өткізді. Оған қауымдастық, мемлекеттік органдар, ұлттық және халықаралық компаниялардың өкілдері қатысты.

Челябинск құбыр зауытының (ЧТПЗ) көмірсутекті өндіру, тасымалдауға арналған инновациялық шешімдерді қолдану арқылы бизнес-процестерін ұйымдастыру және кадрларды даярлау бойынша тәжірибесін Александр Романцов («ЧТПЗ» ААҚ электрмен пісіретін мұнай-газ құбырлары және ТБД басқармасының бастығы) таныстырды. ЧТПЗ былтыр KAZENERGY қауымдастығына толық мүше болып кіргенін естеріңізге саламыз. ЧТПЗ - әлемнің ірі құбыр компанияларының ондығына кіретін жетекші ресейлік құбыр өндіруші компания. ЧТПЗ өзінің даму негізіне өндірістік және корпоративтік мәдениетке, әлемдік стандарттарға жауап бере алатын өнімнің жоғары сапасына, экологиялық қауіпсіздікке және білікті мамандарға негізделген Ақ металлургия философиясын басшылыққа алады. Оған - өндірістік аумақтың тазалығы сияқты ерекшеліктер, күнделікті жұмыс киімінің міндетті белгісі ретіндегі «ақ халат» қағидаты жатады. Компания ҒЗТҚЖ негізінде кешенді өнімдерді ұсынады және білім беру бағдарламаларына да көп көңіл бөледі.

KAZENERGY қауымдастығы әлемде қолданылатын озық корпоративтік тәжірибені ескере отырып, өндірісті дамыту және бизнесті жетілдіру жоспарында өз мүшелерінің тәжірибесін зерттемек.

Мәжілістің екінші тақырыбы - «Сұйық, газ тәрізді және қатты көмірсутек ресурстарын және қорларын басқару жүйесі - Petroleum Resources Management System (PRMS)».

Толығырақ: <http://kazenergy.com/kz/press/2011-04-18-15-52-18/14067-kazenergy.html>

ЭНЕРГЕТИКАНЫҢ ДАМУ БОЛЖАМДАРЫ ЖӨНІНДЕГІ IEA-IEF-OPEC VI СИМПОЗИУМЫ, ЭР-РИЯД



16 ақпанда Эр-Риядта (Сауд Арабиясы) KAZENERGY қауымдастығының өкілдері қатысқан Энергетиканың даму болжамдары жөніндегі IEA-IEF-OPEC VI Симпозиумы өтті

Маңызды әрі ықпалды осы шараны Халықаралық энергетикалық форум (ХЭФ, IEF) Халықаралық энергетикалық агенттікпен (ХЭА, IEA) және Мұнайды экспорттаушы елдердің ұйымымен (ОПЕК) бірлесіп жыл сайын өткізеді. Симпозиум барысында ХЭФ тапсырысымен Duke University Energy Initiative ХЭА және ОПЕК деректеріне сай әзірленген энергетиканың даму болжамдарының салыстырмалы талдауы бойынша есеп ұсынды. Құжатта энергетиканың қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективалары сипатталған, сонымен қатар нарықтың сұранысы мен ұсынысына, тұрақтылығы мен өсуіне төмен бағаның әсері зерттелген. Олардың басты өңірлік және секторалдық драйверлерін ескере отырып, уақытша үш шектеу арқылы сұйық отын түрлеріне деген дүниежүзілік сұраныс пен ұсынысқа жан-жақты талдау беріледі; ХЭА және ОПЕК ұсынған үш ұзақ мерзімді сценарий арқылы 2040 жылға қарай тұтынудың басты әлемдік жобалары салыстырылады. Күн тәртібіне ХЭФ және Король Абдалланың (KAPSARC) Мұнайды зерттеу орталығы өткізетін көшбасшылардың Дөңгелек үстелі енгізілген. Мұнда компаниялардың, зерттеу институттарының және т.б. топ-менеджерлері шақырылады. Дөңгелек үстелдің өткен екінші мәжілісінің тақырыбы

- «Жаңа дәуір ме, әлде кезекті кезең бе? Галамдық мұнай жеткізудің 2016 жылғы динамикасы мен перспективасы». Сарапшылық пікірталастар әлемдік мұнай нарығына әсер ететін басты факторларды талдауға және болуы мүмкін даму сценарийлерін талқылауға бағытталды. Симпозиумда, дәл сол уақытта KAZEN-



ERGY Ұлттық энергетикалық баяндамасын талқылау өтіп жатты, оған делегаттар жоғары баға берді. Сонымен қатар, Сауд Арабиясы Корольдігіндегі ҚР Елшілігінің қолдауымен KAZENERGY қауымдастығының Атқарушы директоры Рамазан Жампейісовтың ХЭФ Бас хатшысы Альдо Флорес Кирогамен кездесуі болды. Тараптар Астанадағы ЭКС-ПО-2017 қолдау және «Болашақ Энергиясы» мамандандырылған көрмесінің тақырыбы бойынша бірлескен іс-қимылдар жасау туралы келісім жасады. Оған қоса, ұйым басшысы Ұлттық энергетикалық баяндаманы даярлау және оны ЭКС-ПО-2017 шеңберінде Еуразиялық KAZENERGY форумының бастама-сымен IEF шараларында таныстыру бойынша бірлескен жұмыстарға қызығушылық танытты.

2016 жылғы 27-28 қыркүйекте Алжирде ХЭФ (IEF) 15-ші министрлік кездесуі өтетінін атап көрсеткен жөн, онда Қазақстан тең төраға ретінде ұсынылды.

KAZENERGY МЕН ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ: 100 НАҚТЫ ҚАДАМДЫ ІСКЕ АСЫРУ



2016 жылғы 23 ақпанда ҚР Энергетика Вице-министрі Әсет Мағауов пен KAZENERGY атқарушы директоры Рүстем Қабжанов Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам – Ұлт жоспарының № 74 және 75 қадамдарын іске асыру бойынша Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қызметтері туралы бірлескен брифинг өткізді.

2015 жылғы 6 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметтің кеңейтілген отырысында Ұлт жоспары - бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадамды ұсынғанын естеріңізге саламыз. Бұл жоспарда қоғам мен мемлекеттегі түбегейлі қайта құрулар белгіленген. Онда елімізді индустриалдандыру және экономикалық дамытуда маңызды рөл атқаратын жер қойнауын пайдалану саласы да қамтылған.

Ұлт жоспарының № 74 және 75 қадамдарын іске асыру Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің құзыретіне жатады.

№ «74»-қадам: «Пайдалы қазбалар қоры жөнінде есеп берудің CRIRSCO халықаралық стандарттар жүйесін енгізу арқылы жер қойнауларын пайдалану саласының мөлдірлігі мен болжамдылығын арттыру».

Энергетика министрлігі Инвестициялар және даму министрлігінің Геология комитетімен және өзге де мүдделі меморгандармен және ұйымдармен бірлесіп, № 74-қадамды іске асыру бойынша жұмыстарды атқаруда. Қатты пайдалы қазбалар (ҚПҚ) және көмірсутекті шикізат (КСШ) саласы халықаралық стандарттарды енгізуді қажет етеді. Энергетика министрлігі заңнама бойынша КСШ, көмір және уран бойынша жер қойнауын пайдалану келісімшарттары жөніндегі құзыретті орган болып табылады.

№75-қадам: «Пайдалы қазбалардың барлық түрлері үшін үздік әлемдік тәжірибені пайдалана отырып, келісімдер жасасудың оңтайландырылған әдісін енгізу». Бұл қадамды Энергетика министрлігі Инвестициялар және даму министрлігімен бірлесіп Жер қойнауы туралы кодекс жобасын әзірлеу шеңберінде орындап жатыр.

Кодексте заңмен қорғалатын барлық геологиялық ақпараттан басқа ақпаратқа еркін кіру рұқсаты қарастырылады; жеке инвесторлардың қаражаты есебінен жер қойнауына геологиялық зерттеу жүргізу мәселелері белгіленеді; «бірінші келген – бірінші алады» қағидаты бойынша жеңілдетілген негізде барлау құқығын беру мүмкіндігі пысықталып жатыр.

Толығырық: <http://kazenergy.com/kz/press/2011-04-18-15-52-18/14074-2016--23-----kazenergy-----.html>



INTERNATIONAL ENERGY FORUM



«АТАМЕКЕН» ҚР ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІ



2016 жылғы 09 ақпанда Д.Р. Абылғазиннің төрағалық етуімен «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының Мұнай-газ өнеркәсібі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) кезекті мәжілісі өтті.

Мәжілісте мұнай мен кара түсті мұнай өнімдеріне экспорттық кедендік баждарға, мұнай өнімдерін өндірушілердің өндірістік нысандарын, мұнай өнімдері базаларын және автокөліктерге жанармай құю станцияларын бақылау-есептеу аспаптарымен (БЕА) жарақтандыруға байланысты, сонымен қатар Қазақстан Республикасында офсеттік сясатты енгізу мәселелері талқыланды.

Мұнайдың бағасының төмендеуіне және жер қойнауын пайдаланушылардың табыстарының тым азайып кетуіне байланысты мұнай-газ өндіруші секторға салықтық жүктемені оңтайландыру мәселесі шешімін табуы қажет ететін аса маңызды мәселе болып отыр. Қазіргі уақытта солардың бірі ЭКБ ставкасын мұнайдың әлемдік бағасын ескере отырып, мұнай және мұнай өнімдерінің бағасына байланысты белгілеу болып табылады. Осы тақырып бойынша пікірталас барысында ұсынылған ұсыныстардың бірі - 2016 жылы қайта қарау және өзгерістер енгізу мүмкіндігімен ЭКБ бойынша шкаланың уақытша мерзімін қарастыру. Оған қоса, Қазақстандағы және РФ-дағы мұнай өнімдеріне баға белгілеуге әсер ететін салық салу бойынша қазіргі айырманы ескере отырып, ҚР Біріктірілген салық және кеден кодексін құру бойынша жұмыс барысында ішкі нарыққа мұнай жеткізудің табыстылығын ұлғайту мақсатында оған салық салу жүйесінің өзгерістеріне ерекше назар аудару керек.

Жаңа жоғары технологиялық өндірістер құру қазіргі уақытта күрделі мәселелердің бірі болып тұр, ол үшін Қазақстанда офсеттік саясатты енгізу жоспарланып отыр. Осы орайда, комитет мүшелерінің пікірінше жаңа саясат қазіргі уақытта жұмыс істеп

отырған кәсіпорындар мен компаниялардың жағдайын нашарлатпауы тиіс. Мәжіліс қорытындысы бойынша, жуық арада жер қойнауын пайдаланушылардың офсеттік міндеттемелері мәселесі бойынша топтастырылған ұстаным және ұсыныстар жасап шығару үшін және ҚР инвестициялар және даму, энергетика, әділет министрліктеріне тиісті ақпарат жіберу үшін «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасында мүдделі тараптардың қатысуымен мәжіліс өткізу туралы шешім қабылданды.

Мұнай өнімдерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру мақсатында ҚР ҚМ Мемтабыстар комитетіне 2016 жылғы 01 қаңтарға дейін мұнай өнімдерін өндірушілердің өндірістік нысандарын, мұнай өнімдері базаларын және автокөліктерге жанармай құю станцияларын бақылау-есептеу аспаптарымен (БЕА) жарақтандыру міндеті қойылды. 2015 жыл бойы және қазіргі уақытқа дейін «Атамекен» ҰКП, KAZENERGY қауымдастығы және салалық қауымдастықтар уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп өндірістік нысандарды БЕА жарақтандыру бағдарламасын іске асыру бойынша амалдарды пысықтау бойынша жұмыстарды жүргізіп жатыр. Бұл мәселені шешу мұнай өнімдерінің айналымын, салық салу, баға белгілеуді бақылау мәселесін жеңілдетеді және Қазақстан нарығындағы ЖЖМ тапшылығы түекелін төмендетеді. Сонымен бірге, келісім жасау процесінде БЕА орнату мерзімін кейінге қалдыру, жобалауға мемсараптама рәсімдерінен өту және СМР, ҚР қазыналық органдарына деректер беру үшін жабдықтар орнату және іріктеу және басқа мәселелер қалып отыр.

«Атамекен» ҰКП, KAZENERGY қауымдастығы мәжілісінің қорытындысы бойынша жоғарыда аталған барлық мәселелерді шешу бойынша жұмыстарды жалғастыру тапсырылды.

«ЧЕЛЯБИНСК ҚҰБЫР ЖАСАУ ЗАУЫТЫ» ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА МҮШЕСІ

2015 жылғы 25-желтоқсанда «Челябинск құбыр жасау зауыты» ААҚ «KAZENERGY» қауымдастығы мүшелерінің құрамына кіріп, оның 84-мүшесі болды.

ЧҚЖЗ Ресейдің құбыр өнімін өндіретін ірі компаниясының бірі болып табылады, оның нарықтағы жалпы үлесі 20 % құрайды және ол әлемдегі ең ірі құбыр компанияларының алғашқы ондығына кіреді. Металлургиялық кешеннің өнеркәсіп тобына кара металлургия кәсіпорындары мен компаниялары, металл-сауда филиалдары, магистралдық және сорап жабдықтарын өндіретін зауыттар, мұнай-сервис кәсіпорындары кіреді.

Компанияның түсімі \$3,3 млрд-тан асады. ЧҚЖЗ зауыттарында шамамен 25 000 адам еңбек етеді.

ЧҚЖЗ қызметі магистралдық және өндіріс ішіндегі құбыр траспортына арналған интеграцияланған шешімдер әзірлеу және жеткізу есебінен ресейлік және әлемдік отын-энергетика кешені компанияларының қажеттіліктерін кешенді түрде қанағаттандыруға бағытталған.

Кеден одағының төмендегі жетекші мұнай компаниялары компанияның клиенттері болып табылады: «Газпром» ААҚ, «Роснефть» ААҚ, «Транснефть» ААҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құрылымының кәсіпорындары.

Пісірілген және жіксіз құбыр жасау бойынша өндірістік қуаты күшті, қойма жүйесі дамыған ЧҚЖЗ Ресей және ТМД елдерінің құбыр нарығында нәтижелі әмбебап ойыншы болып табылады.






2016 ж. 16-ақпанда Орал қаласында «Жайықмұнай» компаниясының қызметкерлеріне арналған «ҚР Жаңа Еңбек Кодексі 2016» семинары өтті. «KAZENERGY» қоғамдық қорының бастамасымен өткізілген кезекті тренинг ҚР жаңа еңбек Кодексінің өзгерістері туралы

мұнай-газ саласының қызметкерлеріне хабарлауға бағытталды. Семинарды Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры, мемлекеттік-азаматтық-құқықтық зерттеулер, заң жобаларын әзірлеу және сараптау ҒЗИ директоры Еңлік НҰРҒАЛИЕВА өткізді.

Екі күндік тренингте жұмысқа қабылдау және ресімдеу мәселелері, еңбек қатынастарының өзгерістері, тәртіптік және материалдық жауаптылық бөлігіндегі өзгерістер, еңбек шартын тоқтату бөлігіндегі өзгерістер және басқа да мәселелер талқыланды.



2016 жылғы 8-9 ақпанда KAZENERGY қауымдастығында «Қазақстан Республикасының 2016 жылғы Еңбек кодексі» тақырыбында семинар өтті. Бұл шара қауымдастық мүшелерін ҚР еңбек заңдары саласында хабардар ету мақсатында ұйымдастырылды. Семинарды танымал бизнес-тренер, профессор Иссyk Татьяна Владимировна жүргізді.

Екі күн ішінде елеулі өзгерістер, соның ішінде жұмыс берушілердің өкілеттілігін кеңейту бөлігінде өзгерістер енгізілген ҚР Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) жаңа редакциясы жан-жақты қаралды. Семинар тыңдаушылары осы өзгерістерге қатысты өзгешеліктер туралы хабардар етілді.

Сонымен қатар, еңбек шарттарын ресімдеу кезіндегі негізгі тәуекел аймақтары (жеке деректермен жұмыс істеу, еңбек шарттарында еңбекақыны дұрыс көрсету және еңбек даулары мен жанжалдарын туғызуы мүмкін басқа да өзгешеліктер), Кодекстің басқа заңдармен және Қазақстан Республикасының заңға қосымша актілерімен байланысы (Кодекстің ҚР басқа нормативтік актілерімен кейірсәйкессіздіктері атап көрсетілді) атап көрсетілді. Бизнес-тренер өзекті тақырыптар бойынша бірқатар кейстер ұсынды және қызметкерлер құрамымен жүргізілетін кадр жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін практикалық ұсыныстар берді.

Семинар барысында тренер мен тыңдаушылар, сонымен қатар тыңдаушылардың өздері бір-бірімен пікір алмасты. Бизнес-тренер семинар тақырыбы бойынша ақпаратты мұнай-газ саласын ескере отырып ұсынды. Оған қоса, күнделікті қызмет барысында Кодекс баптарын дұрыс қолдануы үшін мамандардың баса назар аударатын маңызды мәселелерін де атап көрсетті. Семинар қатысушылары бұдан әрі мұнай-газ және энергетика саласының қызметкерлеріне күнделікті қызмет барысында, сол сияқты салалық келісім жобаларымен және кәсіпорындардың ұжымдық шарттарымен жұмыс істегенде көмегі тиетін семинардың практикалық тиімділігін атап өтті.

СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ-МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ



01 ақпанда Алматы қ. «KAZENERGY» қауымдастығы Сәтпаев ат. ҚБТУ және ҚАЗҰТУ 51 студентіне 2015-2016 жылғы академиялық оқу жылына оқу ақысын төлейтін сертификаттар тапсырды.

2 кезеңдік байқау іріктеуінен өткен студенттер 2015-2016 жылғы академиялық оқу жылында «KAZENERGY» қауымдастығына мүше компаниялар есебінен білім алу мүмкіндігін алды. Байқаудың кіріспе кезеңінде «KAZENERGY» қауымдастығында 600 өтініш қаралды, олардың ішінен Үміткерлерді іріктеу комиссиясы ЖОО және колледждерде оқу ақысы НКОК Н.В. және КПО Б.В. есебінен төленетін 320 студентті айқындады. Студенттердің академиялық оқу үлгерімі студенттерді іріктеудің негізгі өлшемдерінің бірі болды. Осы білім беру жобасы 2015 жылғы қыркүйекте қол қойылған Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, «PSA» ЖШС, «KAZENERGY» қауымдастығы, «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (НКОК Н.В.) және «Қарашығанақ

Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО Б.В.) арасындағы меморандум шеңберінде іске асырылып жатқанын естеріңізге саламыз. Жобаның мақсаты - Солтүстік-Каспий және Қарашығанақ жобалары шеңберінде Қазақстан Республикасының мұнай-газ және энергетика мамандықтары бойынша күндізгі оқу бөлімінде білім алатын талантты студенттеріне қолдау көрсету, сонымен қатар ҚР азаматтарының кәсіби даярлығын жоғарылату, оларды даярлау және қайта даярлау болып табылады. Бұдан бұрын биылғы жылдың 20-қаңтарында Алматы қ. КИМЭП университетінде 2015-2016 жылғы академиялық оқу жылына Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. (НКОК Н.В.) есебінен оқу ақысын төлеу байқауынан өткен 40 студентке білім гранттарын тапсыру салтанаты өтті. Жалпы, оқу орындарының студенттеріне қолдау көрсету тәжірибесі 2014 жылдан бері жалғасып келеді, сол жылы алғаш рет техникалық және кәсіби, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламаларды іске асыратын оқу орындарындағы студенттердің ішінен үміткерлер жинауға көмек көрсету жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға «KAZENERGY» қауымдастығы және «СНПС-Ай-Дан-Мұнай» АҚ компаниясы 80 млн. теңге сомаға қол қойған болатын. 2014-2015 академиялық оқу жылында барлығы ЖОО және колледждердің 300 студенті «Жер қойнауын пайдаланушылар есебінен оқу ақысын төлеуге үміткерлерді іріктеу ережесіне» сәйкес білім алды.

НЕМІС СТАНДАРТТАРЫ БОЙЫНША ҚОСАРЛЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ТӘЛІМГЕРЛЕРДІ ДАЯРЛАУ



*Ахмуирза Ляззат Жексенбайқызы,
«KAZENERGY» қауымдастығының
адами капиталды дамыту
департаментінің директоры*

2015 жылдан бастап Қазақстанда «Білім беру туралы» ҚР Заңына енгізілген өзгерістерге байланысты «қосарлы білім беру» ұғымы көпшілікке мәлім болды және биылғы жылдың қаңтар айында осы заң ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Қосарлы білім беруді ұйымдастыру қағидасымен толықтырылды.

Осы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес «қосарлы білім беру» дегеніміз – білім беру мекемесіндегі сабақтарды кәсіпорында жұмыс орны ұсынылатын, кәсіпорын, білім беретін мекеме және оқушы үшеуінің жауапкершілігі бірдей болатын міндетті білім алу және тәжірибеден өту кезеңдерімен үйлестіретін кадрларды даярлау формасы.

Қосарлы білім беру форматын қолдану тәжірибесі Германияда табысты іске асырылып, бүкіл әлемге белгілі болды, онда жыл сайын 500 мыңнан астам оқушы шамамен 340 мемлекеттік реттелетін мамандық бойынша қосарлы білім беру жүйесін таңдайды.

Қазіргі уақытта Германияда жалпы 1,6 млн-ға жуық адам қосарлы білім беру жүйесінде оқиды. Реттелетін мамандықтар саны жыл сайын 1-тамызда қайта қаралады. Әдетте, бұл мамандықтардың саны 328 бен 350 аралығындағы мөлшерде болады, сондықтан қолайлы болуы үшін, әдетте, орта есеппен 340 мамандық көрсетіледі. Жалпы Германияда шамамен 450 000 білім беруші кәсіпорын мен 1 600 кәсіби мектеп бар.

Жалпы тұтас Германия бойынша 30 мың мамандық бар, бірақ федералдық деңгейде, жоғарыда айтылғандай, олардың 340-ы регламенттелген, ал қалғаны әрбір өңірде өз бетінше реттеледі.

Елбасы 2012 жылы Германияға ресми сапарға барып келген соң, Қазақстан экономикасын дамыту үшін қажетті кадрларды даярлау мақсатында еліміздің кәсіпорындарына қосарлы білім беру моделін енгізуді ұсынды.

Елімізде қосарлы білім беруді

дамыту мақсатында ҚР Білім және ғылым министрілігі және Халықаралық Ынтымақтастық жөніндегі Герман Қоғамы (GIZ) 2013 жылдан бастап белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Тараптар «Қазақстанда қосарлы білім беру жүйесін енгізу» сынақтық жобасын іске асыру туралы келісімге қол қойды. Бұл келісім 2015 жылы тағы да үш жылға ұзартылды.

Мұнай-газ саласында рентабельдігі төмен кен орындарының базасында оқу-өндірістік, оқу-эксперименттік полигондар ұйымдастыру туралы ұсынысты алғаш рет 2012 жылы маусымда KAZENERGY қауымдастығы кеңесінің мәжілісінде «КИНГ» АҚ Бас директоры Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы енгізді. Оқу-өндірістік, оқу-эксперименттік полигондарға база ретінде сулану деңгейі 95%-дан астам, өндірілген қорларының деңгейі 70%-дан асатын және шығарылатын қалдық қорларының деңгейі төмен бірінші кезектегі үш кен орнын қарастыру ұсынылды.

2014 жылдың аяғында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) Құлсары кен орнында Оқу-эксперименттік полигон құру жұмыстарын бастады. Былтырғы жылдың тамыз айының соңында Атырау мұнай және газ институты (АМГИ) және «АРЕС Petrotechnic» жоғары техникалық мектебінің студенттеріне қосарлы білім беру бойынша сынақтық жоба ресми іске қосылды.

Сынақтық жобаға бірінші болып АМГИ 3-4 курстарының 34 студенті және «АРЕС Petrotechnic» 5 студенті қатысты. Оқу бағдарламасы бойынша студент-стажерлер 14 күн - білім беру мекемесінде және 14 күн - ЕМГ «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз» және «Қайнармұнайгаз» МГӨБ өндірістік бөлімшелерінің кен орындарында теориялық білім алады.

Болашақ мамандар қиындығы көп мұнайшы қызметіне білім ордасының қабырғасында жүріп-ақ кірісе бастайды және олардың кәсіби дағдысы вахталық еңбек әдісі бойынша нақты жұмыс істей жүріп қалыптасады. Оқулары аяқталған соң студент-стажерлер «ұңғыманы зерттеу жөніндегі оператор» кәсіби бойынша біліктілік емтиханын тапсырады, оның нәтижесінде студентке еңбек кітапшасына жазылатын біліктілік беріледі. Оқуын бітіре сала еңбек тәжірибесінің болуы студенттерге әрі қарай жұмысқа орналасу барысында басымдық береді.

ЕМГ таяу болашақта қосарлы білім беру және кадрларды даярлау жобасын кеңейту үшін Құлсары кен орнында оқу-сынақ полигонын салуды жоспарлап отыр. Кешеннің инфрақұрылымына жатақхана, оқу корпустары, мұнай өндірісі және ұңғыма жөндеу жабдықтарының құрылысы кіреді. Компания басшыларының айтуынша, полигонның білім беру қызметіне өндірістік-геофизикалық қызметтер, модельдеу, жер қыртысының мұнай беруін жоғарылату және мұнай өндіру технологиясы бөлігіндегі сервистік

қызмет көрсету бойынша белгілі компаниялар қызығушылық танытып отыр.

«Атамекен» (ҰКП) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Трир қ. (Германия) Кәсіптік палатасымен бірлесіп жүзеге асырып отырған кәсіби білім беру саласындағы екінші қазақстан-неміс жобасы еліміздегі қосарлы білім беру жүйесін енгізуге өз үлестерін қосып отыр, мұнда да кәсіпорындар мен білім беретін мекемелердің мүддесін білдіретін ұйымдар тартылған.

Осы жобадағы басты бағыттардың бірі кәсіпорындардың білікті мамандарының ішінен өндірістегі тәлімгерлерді даярлау болып табылады.

KAZENERGY қауымдастығы ҰКП-ның қолдауымен және ҚазМұнайГаз және Ембімұнайгаз келісімімен неміс стандарты бойынша тәлімгерлер даярлау жөніндегі бағдарламаға ЕМГ еңбек етіп жүрген тәлімгерлері ішінен алты қызметкерді енгізді:



Кенжеғариева Әлия Қуанғалиқызы (геолог), Мұханова Алмагүл Сайполлақызы (зерттеу жұмыстары цехының мастери), Мұханбетжанова Мәншүк Мақсұтқызы (ұңғыма зерттеу операторы), Жұмагелдин Бекен Жұмагелдіұлы (ұңғыма зерттеу операторы), Аманов Жұмабай Исатайұлы (ұңғыма зерттеу операторы), Садықов Бауыржан Ғаниұлы (ұңғыма зерттеу операторы).

ЕМГ тәлімгерлері ішінде кәсіби мен санаты бойынша жоғары разрядты жоғары білікті мамандар мен «Кәсіби бойынша ең озат маман» кәсіби шеберлік байқауларының жеңімпаздары бар екенін атап көрсеткен жөн. Әр тәлімгердің қарамағында өндірістік мекемеден жалақы төленетін және жұмыс ауқымы берілетін төрт студент-стажерге дейін болады. ЕМГ өндірістік білім беруге кешенді тәсілдерді қолдану үшін стажерлерді даярлайтын жалпы жоспар әзірледі және оның негізінде әр тәлімгер студенттерге білім беретін жеке жоспар әзірледі. Жаңа білім беру әдісін ұйымдастыруға кеткен шығындарды ЕМГ өзі өтеді.

Ақпанда өткен тәлімгерлерді даярлау жөніндегі семинарда неміс әріптестер Германиядағы тәлімгерлерді оқыту, аттестаттауға қойылатын біліктілік талаптарын таныстырды және ҚР-ның тәжірибесіне, құжат ресімдеуге салыстырмалы талдау жасады, тәлімгерлердің стажерлерді оқыту кезеңінде еңбек педагогикасының қандай әдістері мен құралдарын қолдануы керектігі және тағы

КӘСІБИ СТАНДАРТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУДІҢ ТРИАЛЬДЫ ТӘСІЛІ

басқалары туралы әңгімеледі. Семинардың әр күнінде тәлімгерлер интерактивті режимде әртүрлі тақырыптар бойынша өз тәжірибесі мен пікірлерін ортаға салды.

Семинардан кейін қатысушыларға үй

тапсырмасы берілді, оны сапалы орындағандарға биылғы жылдың сәуір айында қорытынды семинарға қатысуға



жолдама беріледі. Тәлімгерлер семинар материалдары негізінде 1,5 ай ішінде «ұңғыма зерттеу операторы» кәсіби карточкасын, өндірістік білім беру жоспарын даярлау және стажерлерге екі тапсырма әзірлеуі тиіс.

Биылғы жылдың сәуір айының аяғында



оқытылған тәлімгерлер неміс комиссиясына аттестаттау емтиханын тапсырады және емтиханды жақсы тапсырғандар тәлімгер біліктілігін растайтын сертификат алады.

«KAZENERGY» қауымдастығы ҰҚП-ға және Кәсіптік палатаға (Трир, Германия) мұнай-газ саласындағы тәлімгерлерді даярлау жобасына қатысуға мүмкіндік бергені үшін алғыс айтады, ал ЕМГ қызметкерлері – тәлімгерлер тобына қорытынды семинарға және емтиханға даярлықта табыс тілейді.

KAZENERGY қауымдастығы өз мүшелерімен және серіктестерімен бірлесіп Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру Банкі арасындағы келісім шеңберінде еңбек дағдыларын дамыту және жұмыс орындарына ынталандыру жөніндегі жобаны іске асыруға қатысу мақсатында мұнай-газ және электр энергетикасы саласында кәсіби топтар мен қосымша топтар құру бойынша негізгі жұмыстарды аяқтады.

Сонымен бірге, KAZENERGY қауымдастығы, «KEGOC» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «Астана-Энергия» АҚ, «АУЭС» АҚ - электр энергетиканың кәсіби стандарттарын және салалық біліктілік шеңберін әзірлеушілер мен сарапшылар пулын қалыптастыруға кірісті, оларды әзірлеу және бекіту бойынша жұмыстарды бірлесіп жүзеге асыру мақсатында осыған ұқсас мұнай-газ саласында да жүргізіліп жатыр.

ЭЭ салалық біліктілік жүйесін дамыту процесіне белсене атсалысып жүрген әзірлеушілер: Михнов Виктор Васильевич (бас менеджер, «Самұрық-Энерго» АҚ), Қыстаубаев Айдарбек Таңсықұлы (бас менеджер, «Самұрық-Энерго» АҚ), Бектемісова Юлия Викторовна («Самұрық-Энерго»), Мұқатов Бекжан Батырұлы («KEGOC» АҚ филиалының бас диспетчері, «Ұлттық диспетчерлік орталық»), Иваницкий Юрий Михайлович (бас менеджер, «KEGOC» АҚ), Мигданова Баян Рамазанқызы (бас менеджер координатор, «KEGOC» АҚ), Жақыпова Әлия (кадр бөлімінің бастығы, «Астана-Энергия» АҚ). Қызметтердің барлық түрлерін жүйелік және тұтас қамту үшін, оның ішінде білім беру саласындағы мамандық тар топтастырғышымен үйлестіру үшін биылғы жылдың наурыз айының басында KAZENERGY осы мәселе бойынша ЭЭ саласына мамандар даярлайтын жетекші жоғары оқу орны Алматы энергетика және байланыс университетімен кездесу өткізеді.

Мұнай-газ саласындағы кәсіптер мен мамандықтар (қызметкерлер мен қызметшілер) 5 кәсіптік топ бойынша топ-топка бөлінген:

- мұнай және газ барлау (15 кәсіп пен мамандық);
- мұнай-газ ұңғымасын бұрғылау (50 кәсіп пен мамандық);
- мұнай және газ өндіру (46 кәсіп пен мамандық);
- мұнай және газ тасымалдау (44 кәсіп пен мамандық);
- мұнай және газ өңдеу (оның ішінде

мұнай мен газды тереңдікте өңдеу) (64 кәсіп пен мамандық);

- мұнай, мұнай өнімдері мен газды өткізу (16 кәсіп пен мамандық).

Мұнай-газ саласында барлығы 26 жұмыс түрлері мен 235 кәсіп айқындалды.

Кәсіптердің (мамандықтар) ең аз санынан ең көп санына дейінгі шек диапазоны бір кәсіптік топта 2 кәсіп (мамандық) атауынан 34 кәсіп атауына дейін барады.



Электр энергетикасында осыған ұқсас жұмыстар бойынша 5 кәсіби қызмет саласы анықталды: жобалау, өндіріс, электр энергиясын беру, жылу энергиясын беру, диспетчерлеу. 25-тен астам жұмыс түрлері анықталды, кәсіптер тізімі толықтырылып, түзетіліп жатыр.

"Оффсеттік келісімдер туралы» Заң жобасы жөнінде мәжіліс

Биылғы жылдың 20-қаңтарында Инвестициялар және даму министрлігінде (ИДМ) ИДМ Индустриалдық даму және өндірістік қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Т.Нұрашевтің төрағалық етуімен мәжіліс өтті, онда "Оффсеттік келісімдер туралы» Заң жобасы талқыланды.

Мәжіліс жұмысына ИДМ, KAZENERGY қауымдастығы (Абылқасым Е.), «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (Большерт Е., Сихаев М.), «Республикалық тау-кен өндіруші және тау-кен-металлургия кәсіпорындарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (АГМП), Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастық (Мамиконян Л.), NADLOC және басқ. өкілдері қатысты.

Қазақстанда оффсеттік саясатты енгізудің негізгі идеясы Қазақстан Республикасының аумағында жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірісті құру үшін шетелдік инвестицияларды тартудың орнына бейрезидент-жеткізушілерден сатып алынатын шетелдік жоғары технологиялық өнімдерді жеткізу болып табылады.

Заң жобасының жаңадан енгізілген ережелерінің бірі ҚР аумағында өнім өндірмейтін бейрезидент-жеткізушілерден ТЖҚ (белгілі бір шектік мәні бар) сатып алу кезінде жер қойнауын пайдаланушыларға оффсеттік міндеттемелерді қолданбау болып

табылады. ҰКП, KAZENERGY, Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастық және АГМП заң жобасын талқылауды аяқтаған соң, жер қойнауын пайдаланушыларға оффсеттік міндеттемелерді қолданбау бойынша бірыңғай ұстаным мәлімденді.

Мәжіліс қорытындысында мынадай шешімдер қабылданды:

Кейбір нормалардың алынып тасталуын ескере отырып, жер қойнауын пайдаланушылардың міндеттемелері бойынша нормаларды қайта қарау.

(Мысалы: 1) стратегиялық кен орындары бойынша, 2) бір ғана бейрезидент-жеткізуші болған жағдайда).

Заң жобасын әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру.

Заң жобасы енгізілетін мерзім: Әділет министрлігінде – маусым, Үкіметте – шілде, Парламентте – қыркүйек.



СЕРІКТЕСТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ KPMG

Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес (ҚЕХСК) жалгерлік шарттары есебінің жаңа стандартын жариялады

KPMG мамандарының пікірінше, стандарт компанияның бухгалтерлік балансының аса айқындығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

13 қаңтарды Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес (ҚЕХСК) жалгерлік шарттары есебінің жаңа стандартын жариялады. Бұл стандарт талаптарына сәйкес, жалгер-компанияларға өздерінің бухгалтерлік балансында өздері жасаған көптеген жалгерлік шарттарын көрсетуі қажет болады, бұл жаңа активтер мен міндеттемелерді мойындауды білдіреді. Қазіргі уақытта аналитиктердің көпшілігіне компания өзінің бухгалтерлік балансына енгізбеген жалгерлікпен байланысты операцияларды көрсету үшін компанияның қаржы есептілігінде түзетулер жасауға тура келіп отыр. Жалға беруші компаниялар үшін жалгерлік шарттар есебі айтарлықтай өзгермейді.

«Өздерінің бизнес-мақсаттары үшін ірі активтерді жалға алушы барлық компаниялар есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелер өсуін өздері сезінеді. Бұл салалардың әуе кемелерін жалға алатын әуедегі тасымалдаушылардан бастап дүкендерді жалға алатын бөлшек сауда кәсіпорындармен аяқталатын кең ауқымына қатысты. Компанияда жалгерлік шарттары неғұрлым көп болған сайын, стандарттың есептіліктің негізгі көрсеткіштеріне әсері соғұрлым күштірек болады», – деп есептейді KPMG жалгерлік саласындағы ХҚЕС стандарттары бойынша халықаралық тобының жетекшісі Кимбер Бэском.

Қазіргі уақытта компаниядан баланстан тыс жалгерлік шарттары туралы ақпаратты қосымша ашу талап етіледі, оны содан соң аналитиктер жарияланған қаржы есептілігін түзету үшін қолданады. «Жалгерлік шарттарын есепке алу саласындағы қазіргі бар талаптар пайдаланушылардың қаржы есептілігін баланстан тыс жалгерлік шарттарын есепке ала отырып түзету қажеттілігін қарастырады, – деп түсіндіреді Кимбер Бэском. – Жаңа стандарт енгізетін негізгі

өзгерістер, – бұл көрсеткіштер айқындылығы мен салыстырмалылығын арттыру. Аналитиктер ХҚЕС сәйкес есептілік ұсынатын барлық компаниялар ұстануы тиіс белгілі бір әдіснама бойынша есептелген өздерінің жалгерлік міндеттемелерін компанияның өзіндік бағалауын бірінші рет көре алады.

Алайда жаңа стандарт әсері бухгалтерлік баланспен шектеліп қалмайды. «Мысалға, белгілі бір ресейлік компаниялар үшін шарттың жалгерлік элементіне иелігін анықтауға арналған критерийлер өзгерістері әлеуеттік тұрғыда аса маңызды болуы мүмкін. Нақты алғанда, қазір жалгерлік ретінде есептелетін тауарлар мен қызмет түрлерін жеткізу туралы белгілі бір келісім-шарттар жаңа стандарттың қолданылуы аясынан шығарылып тасталуы мүмкін», – деп түсініктеме береді KPMG Ресей мен ТМД-дағы ХҚЕС мәселелері жөніндегі серіктесі Арам Асатрян.

Жаңа стандарт 2019 жылы қаңтар айында күшіне енеді. Бұған дейін компаниялардан өздерінің жалгерлік шарттары бойынша едәуір қосымша ақпарат жинақтауы, одан әрі кезең-кезеңімен жаңартылып отыруы тиіс жаңа есептемелер дайындауы талап етіледі. «Жаңа талаптар ҚЕХСК бұрынырақ ұсынылған басқалары сияқты айтарлықтай күрделі және бағасы қымбат емес, алайда бәрібір де оларды сақтау үшін белгілі бір шығындар талап етіледі. Кейбір компаниялар үшін негізгі қиындық қажеті деректерді жинақтаумен байланысты болады, ал басқа біреулерде кәсіби тұжырымдар – мысалға, қандай операцияларда жалгерлік шарттары белгілері бар екендігіне қатысты тұжырымдар әзірлеумен қатысты қиындық болуы мүмкін», – деп атап көрсетеді KPMG Халықаралық қаржы есептілігі стандарттары бойынша сараптама тобының өкілі Брайан О'Донован.

Есепке алу тәртібіндегі өзгерістер ақшалай ағынға тікелей әсер етпейді. Алайда, өзгерістер ауқымын ескере отырып, KPMG мамандары болжамдауы бойынша, компаниялар өздерінің жалгерлік міндеттемелері көлемін қазіргі сәттен 2019 жылды қоса алғандағы кезең ішінде жасалатын мәмілелер бойынша түсінуді қалайтын болады. Брайан О'Донован пікірі бойынша, бухгалтерлік есеп бизнес-шешімдерді анықтауын ешкім де қаламайды. Алайда егер есепке қатысты салдарлар компания мәмілелерді қарастырған кезде ескеруі тиіс факторлар қатарына кіретін болса, онда олар байқалмай қоймайды. Мысалға, бұл стандарт шын мәнінде келісілген мерзімге жалға кері алу шартымен активтерді сату жолымен баланстан тыс қаржыландыру опциясын жоққа шығарады.

Жаңа стандарттың кейбір маңызды салдарларын әзірге сандық түрде өлшемдеу мүмкін емес. Брайан О'Донован айтуы бойынша, басқа реттеуші органдар жаңа стандарттар енгізілуіне жауап бергенге дейін компанияда толық түсінік қалыптастпайды. Мысалға, есепке алудың жаңа тәртібі жалгерлік шарттарының салық есебіндегі өзгерістерге алып келуі мүмкін, ал қаржы секторы үшін пруденциялық реттеу органдары капиталды реттеу мақсатында жаңа активтер мен міндеттемелерді қалай есепке алатыны негізгі мәселеге айналады. Толығырақ: www.kpmg.com/KZ/en/IssuesAndInsights/



**АЯУЛЫ ДА АРДАҚТЫ ӘЖЕЛЕР, АНАЛАР, ЖЕҢГЕЛЕР, АПА-СІҢЛІЛЕР, ҚЫЗДАР!
СІЗДЕРДІ 8-НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

Әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің белгісі сияқты көктемнің шуақты күнінде жылы жүректеріңіздің мейірімі мен ыстық ықыластарыңыз үшін сіздерге алғыс білдіргіміз келеді!
Көңілдеріңіз көктемдей көрікті болсын, зор денсаулық пен баянды бақыт тілейміз!

KAZENERGY қауымдастығы

**ДОРОГИЕ И ЛЮБИМЫЕ НАШИ БАБУШКИ, МАМЫ, ЖЕНЫ, ДОЧЕРИ, СЕСТРЫ,
ПОЗДРАВЛЯЕМ ВАС С ПРАЗДНИКОМ 8 МАРТА!**

В этот прекрасный день хочется сказать: «Большое спасибо за вашу неустанную заботу и душевное тепло, за то, что вы есть!»
Желаем вам постоянной весны в душе, крепкого здоровья и долголетия!

Ассоциация KAZENERGY

**OUR PRECIOUS AND WELL-BELOVED GRANDMOTHERS, MOTHER, WIVES, DAUGHTERS AND SISTERS!
WE WISH YOU A VERY HAPPY WOMEN'S DAY, THE 8TH OF MARTH!**

On this wonderful day, we would like to thank you very much for your tireless care, emotional warmth and for just being with us!
We wish you an everlasting spring in your souls, strong health and longevity!

KAZENERGY Association



КAZENERGY Қауымдастығы
Баспасөз қызметі
Тел: +7(7172) 710181 , 790173
shaira@kazenergy.com